

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы N 788 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді ратификациялау туралы

Астанада 2004 жылғы 9 қаңтарда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ "БАЙҚОҢЫР" КЕШЕНІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Мәңгілік достық пен одақтастық туралы ХХІ ғасырға бағдарланған 1998 жылғы 6 шілдедегі декларацияны б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімнің ережелерін дамыта отырып төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыру мүддесінде "Байқоңыр"

ғарыш айлағын одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен қызмет шеңберінде Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

2-бап

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағының инфрақұрылымын жаңғыртудың және оның тарихи маңызы бар объектілерін сақтаудың маңыздылығын мойындайды.

Ресей тарапы Қазақстан тарапының "Байқоңыр" ғарыш айлағында жаңа экологиялық қауіпсіз зымыран-ғарыш кешендерін, басқа да бірлескен ғарыштық жобалар мен бағдарламаларды Ресей Федерациясының мемлекеттік құпияны қорғау жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып жасау және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруға қатысуына барынша қолдау көрсететін болады.

Қазақстандық және ресейлік мамандар мен ұйымдар "Байқоңыр" ғарыш айлағында бірлескен жобаларды іске асыруға бірдей шарттарда қатысатын болады.

3-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында зымыран-ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттырудың қажеттілігін:

зымыран отынының аса уытты құрамдас бөліктерін (амил, гептил) пайдаланатын зымыран тасығыштарды пайдалануын кейіннен кезең-кезеңмен қысқарту үшін "Байқоңыр" ғарыш айлағында пайдаланылатын зымыран-ғарыш кешендерін жаңғырту және экологиялық неғұрлым қауіпсіз жаңаларын құру;

зымыран-ғарыш қызметін жүзеге асыруда байланысты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау проблемаларын шешу жөніндегі бірлескен жұмыстарды жүргізу арқылы мойындайды.

4-бап

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағында ресейлік "Ангара" зымыран-ғарыш кешені базасында ұшу сынақтарын Ресей тарапы "Плесецк" ғарыш айлағында жүргізетін жоғары экологиялық қауіпсіздік деңгейдегі "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін әзірлейді және құрады.

5-бап

Тараптар Үкіметтері 2004 жылы қаржыландыру мәселелерін қоса алғанда, осы Келісімнің 3 және 4-баптары ережелерінің орындалуы бойынша тиісті келісімдер жасайды немесе "Байқоңыр" кешені бойынша тиісті халықаралық шарттарға өзгерістер енгізеді.

6-бап

"Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алу мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылады.

Тараптар Үкіметтері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына тиісті өзгерістер енгізеді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы реттелуге жатады.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мүдделі Тараптың екінші Тарапқа жазбаша хабарлаған сәтінен бастап 12 айдан кейін Келісімнің қолданылуы тоқтатылуы мүмкін.

2004 жылғы 9 қаңтарда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы

Ресей Федерациясы

үшін

үшін